

**Ақжайық ауданында ауыл шаруашылығы жануарларын ұстau және жаю  
Ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2011 жылғы 16 қарашадағы № 34-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 20 желтоқсанда № 7-2-125 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2012 жылғы 22 маусымдағы N 4-4 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2012.06.22 № 4-4 Шешіміменн**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қантардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы", Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Зандарына сәйкес Ақжайық аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш И М** Е Т Т I :

1. Қоса беріліп отырған Ақжайық ауданында ауыл шаруашылығы жануарларын ұстau және жаю Ережесі бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төраймы*

*C. Уразова*

<i>Мәслихат хатшысы</i>	<i>Д. Жақсыбаев</i>
2011 жылы	16 қарашадағы
аудандық	мәслихат
бекітілген	

№ 34-4  
шешімімен

**Ақжайық ауданында ауыл шаруашылығы  
жануарларын ұстau және жаю  
Ережесі**

**1. Жалпы ережелері**

1. Ақжайық ауданында ауыл шаруашылығы жануарларын ұстau және басқару Ережесі (әрі қарай - Ереже) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне, 2001 жылғы 30 қантардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" және 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Зандарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Ақжайық ауданында ауыл шаруашылық жануарларын ұстau және жаю тәртібін ұйымдастыру іске асыруын белгілейді.

3. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылық жануарлары - адам өсіретін, ауыл шаруашылық өндірісіне тікелей қатысы бар ауыл шаруашылық жануарлары мен үй құстары;

2) жануарлардың иесі – жеке меншік немесе басқа да қарауында жануарлары бар жеке немесе заңды тұлға;

3) жануарларды ұстau - жануарлардың ветеринарлық-санитарлық нормаларын сақтай отырып, орынсыз шығындарға соқтырмай толыққанды үрпақ алу, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бағытталған іс-әрекеттері;

4) ветеринария саласындағы үекілетті мемлекеттік орган - "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендеңі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақжайық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

## **2. Ауыл шаруашылығы жануарларды ұстaudы ұйымдастырудың тәртібі**

4. Ауыл шаруашылық жануарлары арнайы жабдықталған жабық орындарда ұстau тиіс.

5. Тұрғын үйлерде бір отбасынан артық отбасы тұрған кезде, осы үйде тұратын көрші отбасыларының келісімімен, белгіленген ветеринарлық-санитарлық нормаларды сақтаған жағдайда, ауыл шаруашылық жануарларын арнайы жабдықталған жабық орындарда ұстauға жол беріледі.

6. Ауыл шаруашылық жануарларын сату, әкелу, әкету ветеринария саласындағы өкілетті орган беретін белгіленген үлгідегі ветеринарлық сертификат рәсімделгеннен кейін ветеринарлық паспорт негізінде жол беріледі.

7. Ауыл шаруашылық жануарларын ұстaudың міндетті шарттары:

1) ветеринария саласындағы өкілетті органның талап етуі бойынша жыл сайын ерекше қауіпті жүқпалы ауруларға қарсы вакцинация жасату және

паразитарлық ауруларға қарсы жоспарлы алдын-алу шараларын жасау;

2) санитарлық-гигиеналық, ветеринариялық-санитарлық ережелер мен нормаларды ;  
сактау ;

3) ауыл шаруашылық жануарларына жанашырылған қарау, биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес ұстау, ауырган жағдайда уақытында ветеринариялық көмек  
көрсету ;

4) ветеринария саласындағы өкілетті органның талап етуі бойынша уақытында ауыл шаруашылық жануарларына диагноз қоюға, зерттеуге, емдеуге, қарауға, аурудың алдын алу үшін ветеринариялық мамандарға уақытында апару және  
жадаи жасау ;

5) барлық ауыл шаруашылық жануарларына паспорт алуды және бірдейлендіруді қамтамасыз ету ;

6) ауыл шаруашылық жануарларын қараусыз қалдырмау және бос бетімен жібермеу, жасыл-желектерді таптатып, бұлдірмеу ;

7) адамдар мен ауыл шаруашылық жануарларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдау ;

8) ауыл шаруашылық жануарларын сатып алғанда, жоғалтқанда немесе өлгенде ол туралы уақытында ветеринария саласындағы өкілетті органға хабарлау ;

9) ауыл шаруашылық жануарлары адамға немесе басқа жануарға зақым келтірген жағдайда таяу мандағы медициналық мекемелерге, ветеринариялық мамандарға хабарлау ;

10) жануарлардың мұрдесін алып кету және жою үшін уақытында коммуналдық кәсіпорнына, ветеринариялық маманға хабарлау.

#### 8. Жол берілмейді :

1) Ауыл шаруашылық жануарларын қаладағы және ауылдағы кісі тұратын аймақта бағуға және айдауға ;

2) көшелерде, аландарда, скверлерде, саяжайларда және басқа да ортақ қолданылатын жерлерде ауыл шаруашылық жануарларын қыдыртуға ;

3) ауыл шаруашылық жануарларын адамдар дем алатын басқа да табиғи жасанды су айдындарына түсіруге ;

4) қоршаған ортаны ластауға ;

5) союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей ауыл шаруашылық жануарларды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитарлық сараптама жасамай өткізуге жол бермеуге ;

6) ауыл шаруашылық жануарларының мұрдесін лақтыруға немесе жерге көмүгеге ;

7) ауыл шаруашылық жануарларын темір жол қарауына алынған жерде бағуға, ауыл шаруашылық жануарларын темір жол бойында рұқсат етілмеген

жерлерден иесінің қостауының өтуге;

8) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ережелерді бұзуға.

### **3. Ауыл шаруашылығы жануарларды бағуды үйымдастырудың тәртібі**

9. Жеке секторының ауыл шаруашылығы жануарларды бағуды селолық әкімі үйымдастырады және тиісті елді мекендерінің тұрғындарының жалпы жиналысына үсінис енгізеді.

10. Елді мекенінің тұрғындарының жалпы жиналысында жануарларды бағу жөніндегі комиссия сайланады және жануарларды бағудың ақысы белгіленеді.

11. Ауылдық округ әкімі:

1) елді мекендерде жайылым аумағын айқындаиды, жер телімдерін Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес актілерді ресімдейді;

2) елді мекендерде ауыл шаруашылық жануарларын бағу жұмыстарын үйымдастырады;

3) қараусыз жүрген ауыл шаруашылық жануарларының уақытша тұрағын үйымдастырады;

4) үнемі тұрақты жағдайда ішкі істер органдарымен бірлесіп мал ұрлау фактілерін болдырмау үшін алдын ала жұмыстарын үйымдастырады.

12. Жеке меншіктің ауылшаруашылық жануарларын бағу азаматтық заңнамаларында белгіленген тәртібімен жасақталған келісім-шарт арқылы жүзеге асырылады.

### **4. Ереженің сақталуын бақылау**

13. Осы ереженің сақталуын бақылауды ветеринария саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

### **5. Осы Ережені бұзғаны үшін ауыл шаруашылық жануарлары иелерінің жауапкершілігі**

14. Осы Ережені бұзған кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Заңнамаларына сәйкес жауапқа тартылады.

15. Материалдық зиян келтірілген жағдайда, зардан шегуші оның өтеуі үшін сотқа шағымдануға құқылы.